

Бекітемін :
Мектеп меңгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: Милы бастауыш білім беретін мектебі, «Шұғыла» шағын орталығы

Топ: ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 31.09 - 04.10.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау Сәлемдесу Бақыт толы шеңберге, Шаттық толы шеңберге Қол ұстасып келдік біз, Жан достармыз енді біз (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу «Достық» шеңбері. Біз қандаймыз, қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз, Жарқыраған күндейміз, Табиғатты қорғаймыз. (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Армысың, Әлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (сөйлеуді дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу «Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер - Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларға қуыршақ киімдері мен төсек жабдықтарын жуу кезінде педагогке көмектесуді үйрету: балаларды жұмысқа кірісу алдында жұмыс алжапқыштарын киюді үйрету; жууға және кептіруге қажетті керек-жарақтарды, сондай-ақ жұмыс орнын дайындау, сабынды қолдана білу іскерліктерін дамыту. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тарақтарды тазарту жұмыстарында педагогке көмектесуді үйрету: суланған тарақтарды шаю, оларды щеткалармен тазалау. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Құрастырудан ойын-жаттығу. "Сары жапырақтар жерге түсті". Мақсат-міндеттері. Балаларды құрастыруға икемді қағазды жұмарлау, бүктемелеу, жыртып алу амалдарымен қасиеттерімен	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуге іскерліктерін дамыту. Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды таза, ұқыпты болуға, дербес әрекеттерін жетілдіре түсуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету. Мақсат-міндеттері. Тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, экологиялық тәрбие) Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш". Мақсат-міндеттері: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар, құрастыру, сөйлеуді дамыту) "Қай қолымда көп?"	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету: үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. "Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Айырмашылықты тап"

	Қызыл сары, сап-сары.. атты таппақты жаттау. Дауысты [ұ], [ү] дыбыстары. Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі кұбылыстың бірі, жапырақтардың түсуі жөнінде мағлұмат беру, ересектің соңынан күз туралы көркем сөзді қайталап, жаттауды үйрету.	таныстыру; қағазды жыртып алып, қолдағы кескінді белгілі пішінге, жапыраққа, ұқсатуды үйрету; күз мезгілі жөнінде ұғымдарды кеңейту, жапырақтардың сарғайып түсуі жөніндегі түсініктерді анықтау. Құрылыс нәтижесімен ойнату. Мақсат-міндеттері. Күзгі жапырақтарды ағаш бұталарына жапсыру, тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. (жапсыру)	(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) «Күз бояулары» сөздік жаттығуы. Мақсат-міндеттер. Балаларға жапырақтардың түстерін, күзгі бояулардың түстерін ажыратуды үйрету. Құрал-жабдықтар: көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті жапырақтардың суреттері (карточкалар). Ойын шарты. Балаларды алаңға шақыру, оларға үстелде жатқан түстері әртүрлі жапырақтарды көрсету. Жапырақтар көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті болады.	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттығады; ойлау қабілеттері дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет)	дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер: ұқсас жұп заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, кабылдау, зейін қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен) 1. Бастапқы қалып аяқ	(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі) (орамалмен)

[illegible]

	4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)	(жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)	(жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)	тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)	4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене шынықтыру)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)	"Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажырату және салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. (танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Көп және біреу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Көп және біреу қатынастарын білуді үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. (танымдық дағдылар, математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Домалайды алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі сап түзеп	Дене шынықтыру "Допты домалатайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің	Музыка "Жапырақтар сарғайды" Мақсат-міндеттер. Балалардың әнді	Дене шынықтыру "Домалайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды тұрған заттың басына доп	Қазақ тілі "Не, қайда өседі?" Көгөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Мақсат-міндеттері. Қазақ тілін тыңдауды, көгөністер мен

аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдысын үйрету. Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Сан алуан жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың "көп", "біреу", "бірде-біреуі жоқ" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын жетілдіру; заттарды бір қатарға, реті бойынша, бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшері, зейінді, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту.	артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. "Әлемге саяхат" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек (шөл даламен, тау	тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу. "Аула сыпырушы". Мақсат-міндеттері. Балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула	тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту, ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. Сурет салудан ойын-жаттығу. "Саябаққа күз келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саусақ жаттығуы. "Жапырақтар ұшты". Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікірейтіп, ары-бері айналдыру)	жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көгөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көгөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көгөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. Әлеумет "Жеміс-көгөніс дүкені" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістер мен көгөністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгөністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, теңге туралы ұғымдарын кеңейту. "Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттеір. Сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
---	---	---	--	---

		соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-кұлқын соған сәйкес өзгертуі керек. (көркем әдебиет)"	сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап". Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үйрету.	Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, (алақандарды ашу) Ұшады жеке-жеке. (саусақтармен еркін қимылдау) (сөйлеуді дамыту)	
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) BilimKids дамытушы мультфильмі Киюдi үйрену https://cdn.onlinebalabaqsha.kz/inside2020/storage/media/videos/video_file/12/uchimsya-odevatsya.mp4				
Серуен	Теректі бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында теректің құрылымының ерекшеліктерімен таныстыру. Тақпақ. Жақсылықты қолдаймыз, Табиғатты қорғаймыз. Терек егеміз бақтарға,	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың суды ұқыпты пайдалану туралы түсініктерін қалыптастыру. Судың қасиеттері туралы білімдерін нығайту, температурасы	Күнді бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Күннің көзі жылу мен жарықтың негізгі көзі болатынын ұғындыру, күннің шығуын қадағалауды жалғастыру. Күннің сәулесі туралы айту.	Суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Судың қасиеттері туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Іс-тәжірибеде: құйылатыны,	Жаңбырлы күн туралы сөйлесу (немесе бақылау). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғат құбылыстарын сезіне білуге баулу; табиғи құбылыстары туралы білімді бекіту; жаңбырлы күні қажет заттарды еске түсіру. "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)

	Айналасын қоршаймыз. - Балалар, бұл терек ағашы. Терек ағашына жақындау. - Терек - жылдам өсетін ағаш. Ерте көктемде жапырағы шықпай тұрып, сырға секілді ақ гүл жарады. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері аратісті. Жапырақтары гүлдеген кезде терек жасыл қалпақ киген сияқты, жазда теректен мамық ұшады. Ағаштың жапырақтарымен бірге бұтақтар тәж деп аталады. Терек ауаны жақсы тазартады, ағаштың тамыры жерден ылғал алады, ол көп жылу береді. Терек ағашы жұмсақ, жеңіл болады, одан қағаз бен сіріңке, ойыншықтар жасайды. Еңбек әрекеті: терек жапырақтарын жинау, балаларды еңбек нәтижесіне өз үлестерін қосуды үйрету. "Гүлдер мен аралар"	әртүрлі болатынын айту, суда кейбір заттар батып кетеді, басқалары судың бетіне шығады. Бақылау барысы: балалардың назарын судың қасиеттеріне аудару: сұйық, әртүрлі температурада болу мүмкіндігі (ыстық, суық). Су мөлдір, онда бәрі көрінеді. Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су жазда қызады, адамдар шомылуға барады. Асфальтқа шашыраған судың қаншалықты тез кебетінін көрсету. Үлкен балалармен суға қандай заттар батып жатқанын, қайсы батпайтынын анықтау. Неліктен олар жүзіп немесе батып бара жатқанын анықтау. Еңбек әрекеті: қурап	Тақпақ. Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! "Көк ту" ойыны. Мақсат-міндеттері. Достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар тудың қасында тұрады. Басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады.	төгілетіні, ыдыста, шалшықта қозғалмай тұратынын анықтау. Салқын, жылы, ыстықта кеуіп кетеді дегенді айтқызу. Іс-тәжірибеде судың адамның, өсімдіктердің тіршілігіне ықпалына көңіл аудару. Гүлзарды суару, таза ас суын ішкізу. Іс-тәжірибеде суды асфальтқа төгіп, күннің көзінде кебуін бақылату. Балаларға "кеуіп кетеді" дегенді айтқызу. Еңбек әрекеті: гүлзарда өскен гүлдерді суару. Мақсат-міндеттері. Балалардың қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: су құйғыштар. "Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері.	Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Балалар алаңның бір шетінде тұрады. Тәрбиеші: "Аспан ашық, күн шығып тұр! Серуенге шығуға болады," – дейді. Балалар алаңда жүгіріп жүр. "Жаңбыр! Тез-тез үйге жүріңдер!" - деген белгіні естіп, бәрі өз орындарына қарай жүгіріп келіп, орындықтардың артына отырады. Тәрбиеші қайтадан: "Күн шықты! Барыңдар, серуендеңдер", – дейді, ойын қайта басталады. "Қапты көлденең нысанаға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікке, ептілікке бейімдеу, бір қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар.
--	---	---	--	---	--

кимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жұптарға жиналуды және жан-жаққа тарап жүгіруге дағдыландыру. Құралдар: таратпалы таңбалауыштар (гүлдер мен аралар). "Допты ұстап ал" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ептілікті, реакция жылдамдығын дамыту; доппен ойындарға қызығушылықты арттыру. Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыстар. Мақсат-міндеттері. Допты қағып алу және лақтыру жаттығулары. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.	қалған шөптерді жинау (тәрбиешінің көмегімен). Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу. Құралдары: қолғаптар, қаптар. Педагог балалардың шөптерге аллергиясын ескеру тиіс. "Толқиды теңіз" кимылды ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар ойын алаңында айналып жүріп: Толқиды теңіз бір, Толқиды теңіз екі, Толқиды теңіз үш, Толқиды теңіз төрт. Тәрбиеші белгісі бойынша: "Толқын мұз бол!"- дегенде балалар қозғалмай қалу керек.	Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. "Қағып алмай өт" (кегли) ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды кегли арасымен баяу және ептілекпен өтуге дағдыландыру; көз мөлшерін, тепе-теңдікті, вестибуляр аппаратын дамыту. Құралдар: кеглилер. Еңбек әрекеті: алаңдағы ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойыны.	Балаларды қырағылыққа, дәлдікке үйрету. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ақсүйекті іздеңдер, кім жылдам табар екен? - дейді. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларына білдірмей, тәрбиешіге әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне	Еңбек әрекеті: бақшадағы көгөністерді суару. Мақсат-міндеттері. Су құйғышпен әрекет етуге машықтандыру, қамқорлыққа тәрбиелеу. Балалардың еркін ойындары.
--	---	--	--	--

		"Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері .Балаларды шеңберге тұрып, бойымен жүруге және жүгіруге бейімдеу; вестибуляр аппараттарын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату		беріледі. Сөйтіп, аксүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Өз бетінше ойынды ұйымдастыруды дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. Еңбек әрекеті: гүлді күту. Мақсат-міндеттері. Учаскеде өсетін өсімдіктерді өз бетінше қорғауды үйрету; гүлге ұқыпты қарауды және сүюді тәрбиелеу. "Осындай бола ма, болмай ма?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Сұраққа жауап беруді және жауабын түсіндіруді үйрету. - Балалар, жазда қар жауа ма? Күн шығып тұр ма, жаңбыр жауып тұр ма? Қараңғы және жарық	
--	--	--	--	---	--

		керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Балалардың еркін ойыны. Балаларға өз бетінше ойын тақырыбын таңдауды үйрету.		жерде өсіп тұрған өсімдіктерді қадағалау, күнге тартылатын өсімдіктер қозғалысына көңіл бөлу. Өсімдіктер өсу үшін жарық қажет. Балалардың еркін ойыны.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Торғайлар мен қарғалар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. зейінді, төзімділікті, ептілікті дамыту. Барысы: балалар екі топқа бөлінеді: "Торғайлар" және "Қарғалар"; содан кейін бір-біріне арқаларымен екі қатарда тұрады. Педагог атаған топ ұстап алады; аты аталмаған топ "үйлерге" қашады	"Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: педагог затты атайды, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге	"Күлкілі маймылдар" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыраңқы тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар	"Әлемге саяхат" театрландырылған ойын. Мақсат-міндеттері. Өз мінез-құлқын ақтай білу, сенімі мен қиялын дамыту, балалардың білімін дамыту. Барысы: балаларға әлемді саяхаттау ұсынылады. Олар өздерінің жолдары қайда жатқанын анықтауы керек (шөл	"Түстер туралы ертегі" оқып беру. Мақсат-міндеттері. Балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір күні қызыл түс сары түске қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-

	(орындықтарда немесе белгілі бір сызыққа дейін). Педагог баяу сөйлейді: «Қар... - ға ... - лар...». Осы сәтте екі топ қашып кетуге дайын болады. Қарапайым нұсқа: педагог атаған топ қол шапалақтайды, ал екінші топ орындарында қалады. (көркем әдебиет) «Кімнің дауысы?» ойыны Мақсат-міндеттер. Достыққа, ұйымшыл болуға үйренеді. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады. (көркем әдебиет) «Күн мен жаңбыр» азқимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын ережесін сақтап ойнауды үйрету. Ойын шарты. Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. «Жаңбыр жауды!» деген дауыс естілгенде балалар пана іздеп, кішкентай үйлерге тығылады. «Күн шықты!» деген белгі естілгенде балалар алаңға қайта шығады, ойындарын жалғастырып ойнайды. (дене шынықтыру)	мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет)	даламен, тау соқпағымен, батпақпен, орман, джунгли, кемемен мұхиттың арғы жағына. Мінез-құлқын соған сәйкес өзгертуі керек. (көркем әдебиет) "Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молаяды; ойлау қабілеті дамиы. (сөйлеуді дамыту, танымдық іс-әрекет)	бірімен соқтығысып жүргенде тағы бір түс пайда болады. Ол Қызғылт сары түс екен. Жаңбыр жауып тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жаңбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жаңбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышын бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу) "Түрлі-түсті моншақтар" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Негізгі түстер (көк, қызыл, сары, жасыл) туралы білімдерін нығайту. Қолдың ұсақ
--	---	---	--	---	---

					моторикасын дамыту. Түрлі түсті моншақтарды алақанмен домалақтау, ермексаздан үзіп алу, есуді үйрету. (мүсіндеу)
Балалармен жеке жұмыс	Артикуляциялық жаттығу. Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай. Ек-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек	Боямақтарды бояу. Жапырақты бояк. (сурет салу)	Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату. (Мүсіндеу)	Боямақтарды бояу. Жапырақты бояк. (сурет салу)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Жаднама: "Балаға қандай ойыншықтар сатып алуға болады?"	"Немерелерді тәрбиелеуге арналған бірнеше кеңестер" қабырға газеті.	"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"